



Ы. Алтынсарин атындағы облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы
Ақпаратты – библиографиялық бөлім
Областная библиотека
для детей и юношества им. И. Алтынсарина
Информационно – библиографический отдел

Манаш Қозыбаев:

Тарихымыздың тарланы

Библиографиялық көрсеткіш



Во главе отечественной истории
Библиографический указатель

Қостанай, 2011



(1931-2002)

Академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми еңбектеріне сараптама жасап, тиесілі баға беру алдағы уақыттың, дербес те жүйелі зерттеу жұмыстарының ениісінде болмақ. Манаш Қабашұлының жарты гасырға жуық уақыт ішінде жазған мыңға жуық еңбегі – қыруар қазына, ұрпаққа аманат, асыл мұра.

ҚОЗЫБАЕВ Манаш Қабашұлының өмірбаяны мен шығармашылығы.

Қозыбаев Манаш Қабашұлы (1931 жылы 16 қарашада Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Тазкөл аулында дүниеге келді.) – тарих ғылым докторы (1969), профессор (1970), ҚР ҒА-ның академик (1989). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қостанай педагогикалық институттың (1953–58), КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институттың Қазақ бөлімшесінде (1958–74), Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институттың (1974–79, қазіргі Қазақ ұлттық агрономия университеті), кейін ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру институттың ғылыми-педагогика жұмыстармен айналысты. «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1979–86), Қазақстан ҒА Тарих, археологиялық және этнологиялық институтты тарихнама бөлімінің меңгерушісі (1986–88), 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы институттың директоры қызметінде болды. «Қазақстан коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған. 500-ден астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде 30 монография, 50-ден астам ұжымдық еңбектердің авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы (1970), Қазақстан Мемлекеттік (1995), ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім (1997) сыйлықтарының лауреаты. «Парасат» орденімен (2001) және медальдармен марапатталған. Манаш Қозыбаев отызыншы қазан айында 2002 жылы Алматы қаласында өмірден өтті.

Қозыбаев Қостанай облысының Меңдіқара ауданының, Қостанай қаласының құрметті азаматы, Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан университетіне Қозыбаевтың есімі берілді (2003). Қостанай қаласында М. Қозыбаев есімі берілген № 23 орта мектебі және көшесі бар.



Ескерткіш тақта Алматы қаласында Манаш Қозыбаев тұрған үйде ашылды

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (СҚМУ) өзінің жыл санауын 1937 жылдан бастайды, ал соңғы жылдары ірі аймақтық білім, ғылым және мәдени орталыққа айналды, Қазақстан Республикасының ең үздік оқу орындарының бірі болып табылады.

Академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.



Манаш Қозыбаевтың шығармашылығы

Дана халқымыздың "жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді" деген қанатты сөзі бар екені ақиқат. Сондықтан бұл сөзді халқы қадірлеп өткен, тарам-тарам тарих ғылымының біз білмейтін қатпарларын қашап кеткен туған жердің тарланы, тарихтың тарланбозы, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевқа арнап айтсақ артық болмасы анық. Өйткені, Манаш Қабашұлының қазақ тарихына қосқан үлесі өте қомақты.

Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев қазақ тарихының даңғыл жолына өз ғұмырының 40 жылдан аса уақытын арнаған тарихшы. Сол уақыт аралығында тарихшы өз халқына қаншама құнды тарихи еңбектер жазды, Отан тарихын жүйелеу мәселесі жөніндегі мақалалары да тарих ғылымы үшін бір төбе. Тарихшының "Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945)" (1964),

"Ақтандақтар ақиқаты" (1992), "Жауды шаптым ту байлап" (1994), "Тарих зердесі" 2 томдық (1998), "Өркениет және ұлт" (2001), "Қазақстан – майдан арсеналы" (1970) атты қадау-қадау монографиялық еңбектері, көптеген мақалалары осы еткен еңбегінің жемісі екендігіне дау жоқ. Сондай-ақ, Кеңестік үкіметтің солақай саясатына қарамастан қазақ зиялыларын ақтап алуға, олардың құнды тарихи мұраларын халық қазынасына айналдыруда да Манаш Қабашұлы сіңірген еңбек ұшан-теңіз. Шыны керек, тарихы тамырлы елімізге егемендік әперу жолында аянбай күрескен қазақ зиялы қауымының көбінің қуғын - сүргінге тап болып, атылып кеткені, сондай - ақ олардың аттарын атауға да, жазған шығармаларын оқуға, жарыққа шығаруға да тыйым салынғаны белгілі. Осы тұрғыдан тарихшының тарихқа қосқан үлесі туралы баспасөз бетінде де, ғылыми еңбектерде де әлі күнге дейін айтылып, жазылуда. Сондықтан біз төл тарихымыздың тамыры тереңде жатқанын аңғардық.

Сонымен қатар, кеңестік кезең идеологиясына қарамастан М.Қозыбаев туған ел арыстары, туған жер байлығы, екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жету жолында аянбай күрескен азаматтары туралы да кейінгі ұрпаққа айқындап берді. Тарихшы Манаш өз еңбектерінде қазақстандық жауынгерлердің көрсеткен ерлігін, халық еңбекшілерінің тылдағы ерен еңбектерін шынайы көрсетіп, ғылыми түрде дәлелдеп шықты. Біз мұны оның өз туған еліне, туған жеріне деген ыстық ықылас пен сүйіспеншілік сезімінен туған, тарихи ерлікке толы еңбектері деп есептейміз.

Бар саналы ғұмырын қазақ тарихын зерттеуге, болашақ жастарға патриоттық тәрбие беруге арнаған тарихшы ғылым жолында жемісті еңбек етті. Оны сол кездегі партия тарихы институтындағы, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі, т.б. қажырлы қызметтік белестерінен көруге болады. Бір ғана мысал, жеке басқа табыну идеологиясы өршіп тұрған ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының басында, яғни 1974 жылы Манаш Қозыбаев қызмет бабымен Алматы малдәрігерлік институтының кафедра меңгерушілігіне жіберіледі. Институттың КОКП тарихы кафедра меңгерушісі Манаш Қабашұлы мұндағы негізгі мамандық тарих пәні болмаса да, оның дәрежесін көтеруге, болашақ шәкірттерінің бойына Отан тарихының беймәлім сырларын сіңіруге бар күш-жігерін салды. Өзінің ғылым жолын шындау барысында ол осы аталған институтта жоғары оқу орындары оқытушыларының конференцияларын ұйымдастырып, онда толғағы жеткен тарихи мәселелер мен тарихтың зерттелу тарихнамасын талдайды. Сонымен қатар осы оқу орнында Манаш Қабашұлының бастамасымен тарих саласы бойынша аспирантура ашылып, тұңғыш рет жоғары оқу орнында пән бойынша қазақша дәріс оқу М.Қозыбаевтың жетекшілігімен ғылыми практикаға ене бастайды. Бұл оның ұлтжандылығы мен өз мамандығына деген құштарлықтан туған шешуші қадам еді.

Ғылым әлемі дәлдікке, тек қана нақты деректерге жүгінетінін әркім біледі. Сол тұрғыдан Манаш Қабашұлының өз зерттеулеріне деген көзқарасы, адами парасат ойы терең еді. Сондықтан Манаш Қозыбаев еңбектеріндегі Жалаңтөс

батырдан Абылай ханға дейінгі, Шоқаннан Ахмет пен Мағжанға дейінгі, тіпті тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи оқиғаларға деген өз пайымы, арнаған мақалалары таңғы шықтай мөлдір сезімге толы, тарих қойнауынан тауып алған сирек маржандай қымбат, бүгінгі ұрпаққа бабалар заманынан жеткен қасиетті қобыз үніндей естіледі.

Сондықтан, тарих ғылымын таразылай келе: "біздің қазақ халқының тарихы – ХХ ғасырда, тіпті одан әрі "Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұламадан" бері көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған тарих" деген Мәкеңнің қанатты сөзі әр ұлтжанды адамның ойында жатталуы шарт. Өйткені Отанымыздың тарихы ат үсті зерттеліп, оңай жазыла салған жоқ. Тарих – ол халқымыздың қай кезден болмасын басынан кешкен қиын - қыстау кезеңдері мен нәубетті жылдарының шындықпен, нақты дәлелдермен жеткен жарқын да өшпес жемісі.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев туралы айтылар ой да, қозғалар сөз де көп.

ҚАЗАҚТЫҢ ЕГЕМЕН ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУУЫ

Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздіктің таңы атты, тарихшылардың жұлдызды сәті туды. Манаштың екінші тынысы ашылды. Ол, өз әріптестерімен бірге “Еркін көшкен елің қайда, ел қорғаны – ерің қайда” деді де, қолына қаламын алып, ереуіл атқа ер салып, сайын дала кезіп, үйдегі-түздегі архивке үңгей бойлап, өткен ақтандақтар ізіне түсті. Тарихшы Қозыбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында: «Халықтың тарихи санасын ояту - біздің парызымыз. Бірақ, біз осы бағытта халықтан тым ұзап, асығыс кетіп бара жатқан сияқтымыз», - деп еді. Ал, бүгінде тарихшы, археологтар мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштерді тапты, зерттеді. Әлі табылмай, не зерттелмей жатқаны қаншама. Қазірде мәдениетімізді тарихи ескерткіштер негізінде танудың мүмкіндігі туды. Ескі жәдігерлерді сөйлете білсек, рухани тарихымызды да білген болар едік. Ал, біздегі табылған небір керемет ескерткіштер әлі «сөйлемей» жатыр. Сөйтсек, “мінсіз таза теруерт су түбінде жатады, мінсіз таза асыл сөз ой түбінде жатады” екен. “Алаш алаш болғалы алаша атқа мінгелі, ала-шұбар ту байлап. Алашқа ұран бергелі Әлім еді ағасы,” - деп Мұрат Мөңкеұлы айтқандай, М.Қ.Қозыбаев ел тарихшыларының нөқта ағасы ретінде көш бастай жөнелді.

Қазақстанның жаңа тәуелсіздік таңында оның шынайы, төл тарихын ашып жазу – тек ер Манаш ағамыздың ғана маңдайына жазылған ақжолтай бақ-ырыс болды. Ол тарихи санамыздың түбірлі жаңа тұжырымдамасын жасады, ақтандақтардың (20-30 ж.ж. аштық туралы шындықты қалпына келтіру, зұлымдық, тоталитарлық тәртіптің құрбандарын еске алу т.б.) ащы ақиқатын алғаш рет жан-жақты ашып берді.

Өз еліміздегі соңғы 10 жылды алсақ, бұл ешкімге жалтақтамай, өзіміздің елімізді қайта танып жатқан заман: өткен жолдарымызды, жинаған рухани қазыналарымызды ой-сарабынан өткізіп, халық назарына қайта ұсынып жатқан заман. Қазақ елін, оның рухын, өркениетін, тапқанын, жоғалтқанын жан-жақты

зерттеуге бұдан бұрын мұндай мүмкіндік, еркіндік, кеңшілік болған жоқ.

Осы тұста тарихшылар әуелітінә көсемдік еткен Манаш “мандайымызға сондай заман бұйырып тұрса, ұлтымыздың ұпайын түгендеп алайық” деп отантану ғылымының жаңа концепциясын жасауға кірісті.

М.Қ.Қозыбаев қарымды, алғыр зерттеуші ретінде өткен 100 жылдықтың 1960-1970 ж.ж. тарихшылар әулеті арасында кең танылып қалған еді.

Оның 1941-1945 ж.ж. неміс басқыншыларына қарсы бүкілхалықтық күрес кезеңіндегі Қазақстан тарихына арналған іргелі зерттеулері еліміздің ғылымына қосылған елеулі үлес болатын. Ол өз зерттеулерінде қазақ халқы өзі құрамында болған алып империяның басқа да халықтарымен бірге дүиежүзілік соғыс алып келген ауыртпалықты ешқандай да мүдірместен тең бөліскендігін, сондай-ақ бұл жылдары оның үздік, жақсы қасиеттерінің көрінгендігін зерттеуші ғалым ретінде терең ашып көрсете білді.

Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып ат-тонын ала қашқан кезде “Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі” деп алғаш айтқан М.Қ.Қозыбаев болды. Қазақстан тарихнамасында Манаш бірінші болып “халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен, сорлы еді” деген тезиске қарсы шықты. “Дала этикасы – ол тағдырлар этикасы емес,” – деді Манаш. “Ол - көшпенділер өркениетінің этикасы. Ол – он үште ұлды ұлан етіп жеткізген, он алтыда қызды бұлаңдатып бой жеткізген халықтың этикасы. Ол – сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың этикасы.

М.Қ.Қозыбаев көп қырлы, тарих пен бүгінгі күннің өзара байланысын нәзік сезінетін зерттеуші. Оның қоғамдық сұранысты дәл басып кеңестік ұжымдастыру, 1931-33 ж.ж. ашаршылық, саяси репрессия, тоталитарлық биліктің шағын халықтарды зорлықпен Қазақстанға қоныс аударуы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы сияқты күрделі тақырыптар бойынша жазған зерттеу еңбектері фактілік байлығы мен автордың жасаған тұжырымдарының тың, әрі батылдығымен көңіл аударып, бұл ғылыми тақырыптарға жас зерттеушілердің ден қоюына себепші болғандығын тарихшы мамандар жақсы біледі.

М.Қ. Қозыбаевтың қаламынан туған “Ашаршылық ақиқаты”, “Ермак: аңыз бен ақиқат”, “Казахстанская трагедия”, “Жауды шаптым ту байлап” т.б. көптеген туындылары халықты тарихқа жақындатып, ұлттық тарих ғылымының бас-аяғын жинап, бағытын айқындап, қалың оқырманның тарихи санасының шындалуына зор үлесін қосты. М.Қ.Қозыбаевтың тәуелсіздік тұсында жарық көрген еңбектері осыған дейін жарияланған зерттеулерінен сапа мен мазмұны тұрғысынан да сан жағынан да асып түсті.

Біз осыған дейін ғалым тарихшы ретінде М.Қ.Қозыбаев туралы әңгіме қозғасақ, оның талантының екінші бір үлкен қыры, яғни жалынды публицист, жан кешті қайраткерлігі туралы айтпай кетуге болмайды. Мәскеу тек қана тарих мәселелері емес, еліміздің бүгінгі өмірінің өзекті проблемалары туралы ұтымды пікірлер айтып та, жазып та жүрген. Оның айтқан өткір пікірлері

көпшілікті елең еткізбей қоймайды. Сондықтан да М.Қ.Қозыбаевты қалың жұртшылық ұлт ұлағатының жаршысы ретінде, табанды қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі.

Қанша айтылса да, мәні мен маңызы жатылмайтын Манаш Қозыбаев мұрасы бізге әлі де таныс емес. Ағамыздың ақындық қабілеті де бар еді. Суырыпсалма қырын жақсы білген. Белгілі адамдарға арнап шығарған өлеңдері бар.

Бельгер деген кім? –
Деп сұрады бір адам.
Айы ма, күні ме?
Қазақтың жылмиған.
Көп немістің бірі ме?
Дедім сонда мен оған.
Неміске – Бельгер, қазаққа – Білгір,
Неміске – дана, қазаққа – бала.
Біріне – іні, біріне – аға,
Қос емшекті тел емген
Ол – қазақша Телқара,
Ол – қазаққа бел бала
Герольд – іні, мен – аға, -

деген шумақтың ой-пікірі ғана емес өлеңдік өрімінің өзі шымыр, көп ақынның қолына түсе бермейтін мақам демегеннің өзінде авторына ілтипат жасатуға жарайтыны анық.

«Жаңа ХХІ ғасыр басталған сәтте нарықты экономиканың күдіретін де көруіміз керек. Бірақ бар адам баласының арманы тек ақшамен шектелмей, бар керекті тиынмен өлшемей, ақылмен парасатты, адамгершілікті, ақыл-сананы, гуманизмді қаз қалпында ұстауымыз керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады!» деген ойын арманды тілегімен «Алла тағала, Тәуелсіздік... баршамызға қыдыр дарытып, Адам деген атағымызды асырып, ерен еңбегімізді Отан, халық кәдесіне жаратқай! Іләйім де солай болғай!» деген арманының өзі кім көрінгеннің, оның кеңестік кезеңде онды-солды сілтеген ғалымның да, ақын-жазушының да аузынан әлі шыға бермейтін тілек екенін ұмытпайық. Бұл дініне берік, көзқарасы әбден қалыптасқан, өмір тепкісінен түйгені мол пенденің аузынан шығар игі тілек. Осыны айтқан, жазған Манаш Қозыбаев – қазақтың өтпелі дәуіріндегі ұлы тарихшысы, ойшылы.

Академик Манаш Қозыбаевқа арналған өлеңдер.

ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚ АРЫСЫ!

Манашым-ай! Қайран асыл Манашым!
Мінезіңе сүйсінуші ек жанашыр.
Шын қазақшыл ер едің-ау ел сүйгіш
Тарихымды қорғап тұрған дара шың.
Мен не дейін сол дара шың құлады,
Жауыз ажал оқыс келіп сынады.
Естіген жан естен тандық қазасын,
Адам түгіл Алатау да жылады.
Кеше ғана дүбірлетіп жүр еді,
Қажымас ер, қазақтың нар күреңі.
Ойда жоқта ол бақиға аттанды,
Сырты бүтін шыдай алмай жүрегі.
Айырылды-ау тау беткейде шынардан,
Жүрегінде жүруші еді ұлы арман.
Қазақ елі айырылды шын арыс,
Тарих шолғыш, өрдегі сақ қыраннан.
Көп көтеріп талай тартыс дауылын,
Атқарып ең шексіз жүктің ауырын.
Қоштаса алмай ел-жұртыңмен аттандың,
Топырағың торқа болсын, бауырым.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Манаш аға мәңгілік

Ұлтымның қасиетін қастерлеген,
Намысты өзгелерге еш бермеген.
Қолдаған ізгілікті әр кез аға,
Қашанда құрғақ сөзді қош көрмеген.

Ісіне ол ағаның сөзі лайық,
Мақтансам Манашыммен болмас айып.
Нар ұлы Мендіқара өлкесінің,
Алыбы қазағымның Қозыбаев.

Алыстан байтерек боп көрінесің,
Жыр болып жүрегімнен төгілесің.
Бұл күнде елің, жұртын сағынады,
Іздейді Қарағайлы көлі де шын.

Басқадан Манаш аға дарасың-ай,
Көңілің дарқан қазақ даласындай.

Танытқан қазағымды бар әлемге,
Жасай бер мәңгілікке Манашым-ай!

Сен ызге болдын аға жарық жұлдыз,
Өзінді сағынышпен жыр ғып тұрмыз.
Үлгі етіп бір өзінді, құрмет тұтар,
Бауырлас орыс, өзбек, тәжік, қырғыз,

Ереміз заман ағым ұлы көшке,
Жүресін аға, мәнгі біздің есте.
Ел жұртың тойлап жатыр Манаш аға,
Келгенде үш жиырма бес жетпіс беске!

Ізінді алға апарар мұрагермін,
Қазақтың мақтаны боп тұра бергің.
Тарайды есіміңіз сан Ұрпаққа,
Алаштың ер Манашы Құлагерім!

Бақытжан Сәуекенов, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

Манаш Қозыбаевтің шежірісі:

Сөзім дәлелді болуы үшін М. Қозыбаевтың «Жұлдызым менің» кітабындағы «Ататегім хақында» деген мына әңгімесіне назар аударуды жөн көріп отырмын.

«Біз қазақ ішінде Керей боламыз. Жанарыстан тараған бабамыз Исмаил Тарханның баласы екен. Бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында сонау Керулен, Онон, Селенге, Аргун өзендерінің бойын, Далайнар көлін жайлаған керейлер Х ғасырда мемлекет құрған, Қарақорым – оның астанасы. Кейін Темүжін-Шыңғысхан Он ханды өлтіріп, мемлекеттікті жойып, Қарақорымды өзіне астана еткені тарихтан белгілі. Атам кезінде өздерінің, бабаларымыздың Қара Ертістен Есіл бойына келгенін айтатын. Керейлердің Түмен хандығын құрған тұсы осы кез болса керек. Біздің 17-атамыз Бағылан би Алтын орда биі болды деседі. Ал сол Бағылан бидің қонысы – осы күнгі «Горькая линия» бойындағы Бағылан-Звериноголовск бекінісі, ендеше, біздің ата-бабамыз бұл қоныста отырғанына (қазіргі біздің атақонысымыздан 30 шақырымдық жер) 425-450 жыл шамасы. Атақты Толыбай сыншының баласы Қожаберген бабаның нәсілі Есет –бараба татарларының елін билеп, қайтыс боларында (осы күнгі Оңтүстік Оралдағы Исет ауданы) елге өсиет қалдырыпты: «Мен өлгенде Шатраға апарып қойыңыздар. Ол қазақ-орыс шекарасы, біздің атақонысымыз». Сол Шатраңыз – қазіргі Шадринск. Шамасы керейлерді қазақ елі солтүстік өңірді қорғайтын шекарада ұстаса керек.

Бұл күні екінің бірі шежіреші. Алайда өз басым сол шежірелердің үзік-үзік

екендігін сеземін. Ашамайлы керейден тарайтын шежіреде толық деуге болмайды. Сол Сегіз Сері атамыз қалдырған шежірені жалғасақ былай болар еді.

Ашамайлы (шын аты Ғали) – Төбей – Жарғақ – Хажыған – Әлимұхаммед – Уызбек – Жанай Тархан – Бағылан би – Фархад – Танаш би – Тарышы – Тезағай – Матақай – Құдайқұл (Құдас) – Аққошқар – Ерназар – Сейтімбет – Маманай – Күсен – Сатыбалды – Қозыбай – Қабаш – (Қабдолла) – Манаш (Қабдысұлтан) – Ілияс – Алмас.

Сонымен Ашамайлы Керейден менің немереме дейін 30 ата, яки мың жылға жуық уақыт.

Керейлер ішінде біздің атамыз Тарышы, оның ішінде Матақай керей. 1942 жылы атам марқұм біздің ескі ауылдың орнын көрсеткені бар. Ол Обаған тасыған кезде су алып, кейін бөлшектеніп қалған, көктемде қосылып, жазға жеке отауланатын Қарақамыс, Тазкөл мен Қаратомардың жағасы еді. Жаз жайлаулары осы күнгі Миролубовка мен Ершовка селоларына жақын Сабыр көлі, оның жағасында кара шекпенді орыстар келген кезден бастап арғындармен аралас-құралас қонады екен. Қазір бұл көлдер Красно-Пресненский, Абай елді мекендеріне іргелес, егіндіктің арасында қалған. Ашамайлы керейлер ХХ ғасырдың басында жүз болыс ел екен, ал Матақай керейлер бір мың отбасы шамасы болғанға ұқсайды. Ғасыр аяғында олар азаймаса көбейген емес.

Сонымен біз керей тайпасының Матақаймен бірге туған Байтеке (Самай) атақты батыр болған кісі (академиктер З.Молдахметов, Е.Шайхутдинов осы атадан), ал Матақай момын, құдайына қараған адам екен.

Біз бала кезімізде әуелі Сейтімбеттен, кейін одан өрбіген Тасболат, Шымболат, Маманай, Жаманай бауырымыз деп отыратын (Матақай – Құдайқұл – Аққошқар – Ерназар – Сейтімбет – Маманай – Күсен – Сатыбалды – Қозыбай). Бертін келе біз, Қозыбай атамыздан өрбіген ұрпақ, ол кісіні әулеттің басы деп есептеп, Қозыбай әулеті болып аталып кеттік. Шүкіршілік, Қозыбай әулеті бұл күні бір елміз. Оның ұрпақтары ішінен мемлекет, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, бизнесмендер, инженер, ұстаздар, энергетиктер шықты. Жас буын да қанат жайып келеді», – деп жазған.

Демек, біздің атаның «Естек» дейтін ұлтқа еш қатысы жоқ, үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сонда өзі келтіріп отырған деректі Әзімбай Ғали қайдан алды екен? Білмейтіні бар, аруақты неге қозғайды? Жұртты неге шатастырады? Бұл – бір, екінші, көзі тірі Мәкеңнің ұрпақтары алдында «біз Естек емеспіз» (естек, менің білуімше, башқұрт ұлты болуы керек – С.Қ.) деп қалай ақталам, содан кейін жора-жолдас, ағайын, жалпы қазақ жұртына не бетімді айтамын?

Бар саналы өмірін ұлтым – қазағым деп өткен ерімнің нағыз қазақ екенін бар даусыммен айта аламын. Оны ел біледі! Сондықтан Әзімбай Ғали бұған не дер екен? Ескертейін: бұл жай кешіре салатын шаруа емес. Мұның аты – ататекке жала жабу. Тірілер парызы өмірден өткен зиялыларға тасадан тас ату болса, жетіскен екенбіз.

Сара ҚОЗЫБАЕВА (Манаш ҚОЗЫБАЕВТЫҢ зайыбы)

Қорыта келгенде айтарымыз – оның бай мұрасы, артында қалған саналы ұрпақтың зерделеп оқуына, зерттеуіне, мақтан тұтуына әбден лайық. Сөзімізге арқау болған қазақтың аяулы азаматы Манаш Қабашұлының өмірі мен адами парасаты келешек ұрпаққа өнеге. Ғалым бұл өмірден жарық жұлдыздай жарқ етіп өте шықса да, оның аты мәңгілік өшпейді. Өйткені, ол артына өшпейтін тарихи еңбек мұра қалдырды. Елі, халқы Манаш Қабашұлын әрқашанда еске алып, есімін тарихта мәңгі сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сағадиев, К. Қазақ тарихшыларының қолбасшысы / К. Сағадиев // Қазақ әдебиеті. 2001.- 23 қараша. - 12 б.
2. Қойгелдиев, М.Қ. М.Қ. Қозыбаев және ұлттық тарихтың қайта жаңғыруы / М. К. Қойгелдиев // Отан тарихы. - 2002. - 24 шілде.
3. Тәттіғұлов, Ә. Өркениеттің дарабозы / Ә. Тәттіғұлов // Отан тарихы. - 2002. - 24 шілде. - 16 б.
4. Козыбаев, М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски / М. К. Козыбаев. - А., 2002. - С. 84-285.

Манаш Қозыбаевтың өмірі мен қызметі туралы:

1. Академик Манаш Қозыбаев (1931-2002): еңбектерінің көрсеткіштері // Қазақ тарихы.- 2007.- № 1. - 92-96 б.
2. Бұрханов, К. Академик Қозыбаев және Қазақстандағы ұлттық тарихи сананың қалыптасуы / К. Бұрханов // Қазақ тарихы.- 2007.- № 2. - 35-38 б.
3. Байжанов, Ж. Ұстазым менің..: [Манаш Қозыбаевтың туғанына 75 жыл] / Байжанов Ж // Қостанай таңы.- 2006.- 8 қараша. - 7 б.
4. Байжанов, Ж. Жақсының аты өшпейді: [Манаш Қозыбаев туралы] / Ж. Байжанов // Қостанай.- 2006.- 14 қараша. - 3 б.
5. Елкей, Н. Тарихтың тарланбозы: [Манаш Қозыбаев туралы] / Н. Елкей // Алға.- 2007.- № 2. - 4 б.
6. Есқали, Ә. Тарихтың тарланбозы: [Манаш Қозыбаев туралы] / Ә. Есқали // Егемен Қазақстан.- 2006.- 18 қараша. - 6 б.
7. Жұлдызы жанған ғұлама: академик Манаш Қозыбаев туралы естелік кітап / құраст. С. Қозыбаев.- Алматы: Атамұра, 2003.- 288 б.
8. Жұмасұлтанов, Ә. Өмірі де, өзі де өнеге еді: [академик Манаш Қозыбаевті еске алу] / Ә. Жұмасұлтанов // Қостанай таңы.- 2007.- 10 сәуір. - 6 б.
9. Жақсанов, О. Қазақтың ұлы тарихшысы: Манаш Қозыбаев шын мәнінде ұлт зиялыларының абызы еді / О. Жақсанов // Қостанай.- 2009.- 3 ақпан. - 6 б.
10. Жақсанов, О. Ұлт зиялыларының абызы / О. Жақсанов // Ақиқат.- 2009.- № 8. - 49-52 б.
11. Жақсанов, О. Журналистердің ұлағатты ұстазы: академик, публицист, ғалым Сағымбай Қозыбаевтың

- қайраткерлік қырлары жайлы әңгіме / О. Жақсанов // Қостанай.- 2009.- 23 маусым. - 6 б.
12. Кенжалин, Ж. Қажымайтын Қозыбаев: [Сағымбай Қозыбаев] / Ж. Кенжалин // Түркістан.- 2008.- 24 сәуір. - 12 б.
13. Киікбаев, С. Туған жердің мақтанышы: [Манаш Қозыбаев туралы] / С. Киікбаев // Қостанай таңы.- 2006.- 24 қараша. - 9 б.
14. Кәкішев, Т. Ғұлама ғибраты / Т. Кәкішев // Егемен Қазақстан.- 2010.- № 189-191(18 мамыр). - 5 б.
15. Кәкішев, Т. Ғұлама ғибраты ойлары / Т. Кәкішев // Ақиқат.- 2010.- № 8. - 47-53 б.
16. Құл-Мұхаммед, М. Ғұлама: [Манаш Қозыбаев туралы] / М. Құл - Мұхаммед // Егемен Қазақстан.- 2005.- 18 наурыз.- 3 б.
17. Қозыбаев, М. Жауды шаптым ту байлап / М. Қозыбаев. - Алматы: Қазақстан, 1994.- 192 б.
18. Қозыбаев, М. К. Қазақстан тарихы: орта мектеп 10-сынып арналған оқу / М. К. Қозыбаев - Алматы: Рауан, 1997.- 224 б.: сурет.
19. Қозыбаев, М. Қостанай: өлең / М. Қозыбаев // Қостанай таңы.- 2006.- 3 қараша. - 6 б.
20. Мұқанов, Қ. Манаш-жұлдыз сөнбейді / Қ. Мұқанов // Егемен Қазақстан.- 2003. - 26 желтоқсан.
21. Манаш Қозыбаев атындағы дәрісхана ашылды // Қостанай таңы.- 2005.- 8 маусым - 2 б.
22. Меңдібай, С. Қазақ елінің бас тарихшысы: [Манаш Қозыбаев туралы] / С. Меңдібай // Қостанай таңы.- 2006.- 3 қараша. - 5 б.
23. Мырзағалиева, К. Ақынжанды академик: [Манаш Қозыбаев] / К. Мырзағалиева // Қостанай таңы.- 2007.- 12 қаңтар. - 9 б.
24. Әшімов, О. Тарлан: [Манаш Қозыбаев туралы] / О. Әшімов // Егемен Қазақстан.- 2006.- 17 қараша. - 4 б.
25. Омарұлы, Ж. Қажымайтын Қозыбаев / Ж. Омарұлы // Ақиқат.- 2008.- № 11. - 239-241 б.
26. Сүйінкина, П. Ұстаздықтан бастау алған дария: [М. Қозыбаев] / П. Сүйінкина // Қостанай таңы.- 2008.- 23 қаңтар. - 4 б.
27. Сәуекенов, Б. Манаш аға мәңгілік: өлең / Б. Сәуекенов // Қостанай таңы.- 2006.- 3 қараша. - 5 б.
28. Жұлдызы жанған ғұлама: академик Манаш Қозыбаев

туралы естелік кітап / құраст. С. Қозыбаев.- Алматы: Атамұра, 2003.- 288 б.

29. Салықов Қ. Тарихтың тарланбозы: өлеңдер мен поэмалар / Салықов Қ.- Астана: Фолиант, 2006.- 143,[5] б.
30. Қирабаев, С. Манаш Қозыбаев / С. Қирабаев // Қирабаев, С. Өмір тағылымдары: естеліктер.- Алматы. - 2006. - 422-427 б.- (Әдеби мемуарлар).

М. Қозыбаевтың шығармашылығы

1. Қозыбаев, М. Жауды шаптым ту байлап / М. Қозыбаев.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 192 б.
2. Қозыбаев, М. Киелі тәуелсіздік / М. Қозыбаев; құраст. І. М. Қозыбаев.- Алматы: Баспалар үйі, 2009.- 441,[7] б.: портр.- (Сана)
3. Қозыбаев, М. К. Қазақстан тарихы: 10-сынып. арнал. оқулық / М. К. Қозыбаев. - Алматы: Атамұра, 1993.- 224 бет, [4] п.: жапсырмалар, сурет. мен карта.
4. Қозыбаев, М. К. Қазақстан тарихы: орта мектеп 10-сынып арналған оқу / Қозыбаев М. К.- Алматы: Рауан, 1997.- 224 бет: сурет.

Жаднамаға кірген газеттер мен журналдар тізімі:

Газеттер:

Егемен Қазақстан
Қостанай таны
Қостанай
Түркістан

Журналдар:

Ақиқат
Алға
Қазақ тарихы

Авторлар тізімі:

Әшімов О. 4.
Байжанов Ж. 7, 3.
Бұрханов Қ. 35, 36, 37, 38.
Елкей Н. 4
Есқали Ә. 6
Жақсанов О. 4
Жұмасұлтанов Ә. 6

Кәкішев Т. 47-53, 5
Кенжалин Ж. 12.
Киікбаев С. 9
Құл-Мұхаммед М. 3.
Мендібай С. 5.
Мұқанов Қ. 6.
Мырзағалиева Қ. 9.
Омарұлы Ж. 239-241
Сәуекенов Б. 5.
Сүйінкина П. 4.
Шамахайұлы Қ. 5.

*Құрастырған: Сайрамбаева Ж. И.
Компьютермен терген: Сайрамбаева Ж. И.
Редакторы: Жоламанова К.М.
Шығаруға жауапты: Теплякова Н. М.*